

ӘОЖ: 37.018.26

Акманова Галия Рахмтоллаевна

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

Жайрғазина Нургуль Токановна

магистр, аға оқытушы Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

e-mail: nurgul_0174@mail.ru

БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫНДА ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Мақалада балаларды отбасында және мектепте қарым - қатынас мәдениетіне тәрбиелеу мәселесі жан-жақты әртүрлі әдебиеттерден қарастырылады.

Баланың бойында қарым-қатынас қасиеттерін қалыптастыруға әсер ететін факторлар отбасы, мектеп, орта (жолдастары, ауладағы, көшедегі әсерлер т.б.), көпшілік хабар құралдары (газет-журналдар) және т.б. болып табылады. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру туралы еңбектердің нәтижесі аталған қасиеттерді қалыптастыруда отбасының ролі ерекше екенін көрсетті. Өйткені, бала отбасы мүшелері арасындағы ең жарасты, ең әділетті қарым-қатынастардың күәсі болып, үлгі-өнеге алады. Отбасында баланың жауапкершілігі мен өзгелерге достық, ар-намыс сезімдерінің оянуы ата-ана тәрбиесінің ықпалы. Ата-ана және басқа ересектер өскелең буынға тек жеке бастарының өнегесімен, іс-әрекеттерінің үлгісімен ықпал жасайды. Ата-ана ұнамсыз жайларға тіпті уақытша болса да бой алдыруына жол бермеуі тиіс, өйткені күйкі көріністің ықпалы лезде тамыр жайып, баланың бойына мінез болып қалыптасуы ықтимал. Ата-бабаларымыз ұрпағын ер-жігітке кедергі болатын жалқаулық, аңқаулық, жасқаниақтық, өтірік-өсек айтып, алдап-арбау сияқты жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеген. Сонымен қатар олар жан-тәнімен, қанымен қорғаған жерімізді, елімізді, Отанымызды, тілімізді сақтай отырып өскелең ұрпақты адамгершілік қасиеттерге баулуды мақсат тұтқан.

Шынығында да тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алады. Қазіргі кезеңде еліміздің нарықтық қатынастарға өту жағдайында отбасының жылдар бойына қалыптасқан құндылық негіздері әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өзгерістерге ұшырауда. Әсіресе жаңа әлеуметтік шынықтың сұраныстарына сәйкес отбасындағы ұрпақ тәрбиесі дағдарысты жағдайға кез болып отыр. Осыған байланысты қазіргі қоғамның әлеуметтік күрделі процесіне талдау жасау қажеттігі педагогика, психология ғылымының күн тәртібінде тұрған басты проблемалардың бірі десек болады.

Сонымен балалардың бойында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда негізгі факторлар қоғамдық орта, достары және т.б., көпшілік хабар құралдары (газет-журнал, теледидар, радио және т.б.) болып отыр.

Түйін сөздер: отбасы, отбасы тәрбиесі, ата-ана, балалар, баланы тәрбиелеу, ата-ананың өзін-өзі тәрбиелеуі, тәлімдік дәстүрлер, адамгершілік қасиет, отбасындағы өзара қарым-қатынас, отбасылық дәстүрлер, отбасындағы еңбекке қатынас, татулық, достық, жанашырлық, адалдық, сыйластық, қарым-қатынас.

В статье рассматривается вопрос воспитания детей в культуре общения в семье и в школе по разнообразной литературе.

Факторы, влияющие на формирование коммуникативных навыков у ребенка, включают семью, школу, окружение (друзья, влияние во дворе, на улице и т. Д.), Средства массовой информации (газеты и журналы) и т. Д. является. Результаты работы по формированию культуры общения показали, что роль семьи в формировании этих качеств особенная. Ведь ребенок является свидетелем самых гармоничных, справедливых отношений между членами семьи и подает пример. Влияние родительского воспитания на ответственность ребенка в семье и пробуждение чувства дружбы и чести к другим. Родители и другие взрослые влияют на молодое поколение только своим личным примером и примером. Родители не должны позволять себе подвергаться неприятным ситуациям, даже временно, потому что последствия ожогов могут быстро укорениться и стать привычкой у ребенка. Наши предки учили своих детей избегать негативных черт, таких как лень, наивность, трусость, ложь и обман. В то же время они стремились привить молодому поколению нравственные ценности, сохраняя землю, страну, Родину, язык, который мы защищаем всем своим сердцем и душой.

По сути, ребенок получает основной алфавит воспитания в семье. В настоящее время в контексте перехода страны к рыночным отношениям семейные ценности, сформировавшиеся за эти годы, претерпевают социально-экономические изменения. Особенно в соответствии с требованиями новой социальной реальности, воспитание детей в семье переживает кризис. В связи с этим необходимость анализа сложного социального процесса современного общества является одним из основных вопросов повестки дня педагогики и психологии.

Таким образом, основными факторами формирования культуры общения у детей являются социальная среда, друзья и т. д., Средства массовой информации (газеты, журналы, телевидение, радио и т. д.).

Ключевые слова: семья, семейное воспитание, родители, дети, воспитание ребенка, родительское воспитание, воспитательные традиции, нравственные качества, взаимоотношения в семье, семейные традиции, отношение к труду в семье, мир, дружба, дружба, сострадание, честность, уважение, отношения.

The article discusses the issue of parenting in a culture of communication in the family and at school in a variety of literature.

Factors affecting the formation of a child's communication skills include family, school, environment (friends, influence in the yard, on the street, etc.), the media (newspapers and magazines), etc. is. The results of the work on the formation of a culture of communication have shown that the role of the family in the formation of these qualities is special. After all, the child is a witness to the most harmonious, fair relations between family members and sets an example. The influence of parenting on the responsibility of the child in the family and the awakening of a sense of friendship and honor for others. Parents and other adults influence the younger generation only by their personal example and example. Parents should not allow themselves to be exposed to unpleasant situations, even temporarily, because the consequences of burns can quickly take root and become a habit in the child. Our ancestors taught their children to avoid negative traits such as laziness, naivety, cowardice, lies and deceit. At the same time, they sought to instill moral values in the young generation, preserving the land, country, homeland, language that we protect with all our heart and soul.

In fact, the child receives the basic alphabet of parenting in the family. Currently, in the context of the country's transition to market relations, family values that have developed over the years are undergoing socio-economic changes. Especially in accordance with the requirements of the new social reality, raising children in the family is in crisis. In this regard, the need to analyze the complex social process of modern society is one of the main issues on the agenda of pedagogy and psychology.

Thus, the main factors in the formation of a culture of communication in children are the social environment, friends, etc., the media (newspapers, magazines, television, radio, etc.).

Keywords: family, family education, parents, children, personality formation, parental education, educational traditions, moral qualities, relationships in the family, family traditions, attitude to work in the family, peace, friendship, friendship, compassion, honesty, respect, relationships.

Оқытуда, тәрбиелеуде және бала тұлғасын қалыптастырудағы тұлғалық бағдардың өзектілігіне байланысты қарым - қатынас мәдениеті мәселесі қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылымдардың кеңінен қарастырып отырған отырған мәселелерінің бірі. Мектептің педагогикалық үрдісінде бұл көзқарасты іске асыру осы мәселенің теориялық негіздерін талдауды, кіші жастағы оқушылардың жас ерекшеліктерін қайта қарастыруды, осы мәселені шешудегі мұғалім мен оқушының ролдерін анықтауды қажет етеді.

Педагогика ғылымында тұлғалық бағдар тәрбиесі баланың тұлғалық қалыптасуына педагогикалық көмек көрсетуді, әлеуметтендіруді, өмірдегі өз орнын анықтауды және балаға өктемдік көрсетпей, оны қамқорлықпен дамытуды қарастырады.[2]

Қарым - қатынас мәдениетін тәрбиелеуге белгілі ойшылдар әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Я.А.Коменский, И.Г.Пестолоцци және т.б. айналысқан. Қазіргі таңда зерттеушілер қарым - қатынас процесінің әр түрлі аспектілерін қарастыруда. Бұл мәселенің философиялық негіздеріне В.С.Библердің, М.М. Бахтиннің, М.С.Коганның, Ж.М.Абдильдиннің, Ш.Қасабековтың еңбектері арналған. Бірақ қазіргі кезде осы аталған түрлі зерттеулер бағыттары арасында қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуді балалардың кіші жасынан бастау мәселесі көп қарастырылуда. Бастауыш сынып оқушыларының жас кезеңдері балалар дамуындағы өте маңызды ерекше кезең болып табылады. Осы уақытта адам тұлғасының негізі қаланады. Аталып отырған кезең танымдық белсенділікпен, білімге деген құштарлықпен, әсерлі қызығушылықпен, ата-аналар мен мұғалімдер

абыройына деген үлкен сенімділікпен сипатталады. Тағы бір көңіл аударатын жәйт-балалардың мектепке дейінгі кезден бастауыш сынып оқушылары қатарына өтудегі бірізділік, жүйелілік мәселелері. Педагогикалық тұрғыдан осы жас кезеңнің ерекшеліктері Ш.А.Амонашвилидің құнды еңбектерінде қарастырылған. Бастауыш сынып оқушыларын қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу мәселесін қарастыруда қысқаша мәдениет және қарым-қатынас ұғымдарына тоқталған жөн.

Философия ғылымында мәдениет ұғымы жайлы бірнеше көзқарастар қалыптасқан

- тұлғалық мінез - құлық пен іс - әрекетті бағыттайтын және іске асыратын әмбебап механизм ретінде (А.Г.Здравомыслов, А.В.Ядов және т.б.);

- рухани және материалдық құндылықтар ретінде (В.П.Тугаринов, Ю.И.Ефимов және т.б.);

- іс-әрекет жасау әдіс-тәсілдері ретінде (М.С.Коган, В.Е.Давыдовыч және т.б.);

- тұлғаның қоғам өмірінің түрлі әлеуметтік, рухани салаларында өзін шығармашылық түрде іске асыру әдісі ретінде (В.С.Библер, А.Н.Леонтьев және т.б.);

- адам өзінің биологиялық табиғатынан жоғарылау дәрежесі, онда рухани бастамалардың қарқынды дамуы ретінде (В.М.Розов, Д.С.Лихачев және т.б.).[5]

Жалпы алғанда қарым-қатынас адамдар арасында байланыстарды жасаудағы және дамытудағы өзара іс-әрекет қажеттігінен туындаған және ақпараттармен алмасуды, басқа адамдарды қабылдауды және түсінуді қамтитын күрделі, көпдеңгейлі үрдіс.

Педагогикалық қарым-қатынас мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен іс-

эрекетінің өзегі және оқу үрдісіндегі ынтымақтастық негізгі формасы болып табылады. Үлкендер бала тәрбиесінде қатыспау, бақылау жағын ұстанады, өйткені отбасы мүшелерінің көзқарасында қайшылықтар бар. Екіншіден, қала мен ауылдың алшақтығынан, ата-әжелер алыстағы немерелерімен тығыз қарым-қатынас ұстай алмайды. Жас отбасылар бөлек тұратындықтан үлкендерге көмек көрсете алмайды, сол сияқты үлкендер де, бала тәрбиесінен аулақ болады. Ұрпақтар сабақтастығы үзілгендіктен, жас ұрпақ бойында қара басының қамын ойлау, тәкәппарлық, шарасыздық белең алса, ал үлкендерге оқшаулық, балаларына қажетсіздік сияқты сезім орнығады. Түйіндей келе, отбасындағы тәрбиеде үлкендердің басқа отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас құру-жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелейді деген сенімін нығайту керек. Сонымен үш құрамды ұрпақты отбасының тәрбиелік мүмкіндігі толық мәнінде пайдаланылмайды. Бұл мәселе өте аз зерттелген. Рухани адамгершілік сезімді қалыптастыратын педагогикалық факторлар: отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынас баланы адамгершілікке тәрбиелейді.[3]

Шығыстың басқа ұлт өкілдерінің отбасындағы сияқты қазақта дүниеге ұл келсе, тұқымымыздың жалғасы, шаңырақ иесі туды деп ұлан-асыр, ат шаптырып той жасау күні бүгінге дейін сақталған. Дүниеге ұл әкелу әсіресе, әке үшін зор бақыт, үлкен мақтаныш. Қазақта бір кісі қайтыс болса, артында қалған баласы бар ма еді, деген сауалы болады. “Бар”, - деген жауап естісе “орнында бар оңалар”, - деп бата береді. Отбасындағы әр баланың өз орны бар. Мысалы, тұңғыш ұл – кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оған “Ағасы бардың – жағасы бар”, - деп арқа сүйеген. Кенже ұл – шаңырақ иесі. Басқа балалар енші алып, бөлек отау құрып жатса да кенже ұл әке шешесінің қолында қалады.

Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. “Ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын” демекші, ер жігітке айтылар сын көп, қойылар талап жоғары. Халықтың дәстүрлі тәрбиесінде осы баға – “жігіт сыны” деп аталады.

А) кескін-келбеті “Еңсегей бойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, торсық шекелі, қыр мұрынды, кең иықты, апай төсті, өткір тісті, жуан білекті, қынай белді, қапсағай денелі, темірдей саусақты”.

Ә) қадір - қасиеті “Қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай

өжет, қабыландай сұсты, нардай төзімді, құландай сүйекті, жау жүректі, жылқыдай мінезді, бұландай алып, сауысқандай сак”.

Б) қабілет-икемі “Көсем жігіт” - ел басқаратын жігіт, “Шешен жігіт” - дау шешетін тұлға, “Батыр жігіт” - еліне қамқор, жауына алаберен жігіт, “Сері жігіт” - аттың жүйрегін мініп, иттің алғырын ертіп, қыранның қырағысын баптап, ат құлағына ойнап, ер қаруы-бес қаруды сайлап, мың құбылтып ән салып, күмбірлете күй тартатын өнерлі жігіт, “Жомарт жігіт” - дастварқаны берекелі, пейілі кең, өзі жайдары, “Палуан жігіт” - мойыны жуан, жауырыны қақпақтай, бұлшық еті темірдей, қимылы шапшаң, иненің көзінен өтердей епті, алып күш иесі.[4]

Осы аталған қадір - қасиеттерді бүгінгі ұстаздар тұлға бойына дарыта білсек, онда зерделі де зейінді, өнерлі де талантты, жігерлі де қайратты, адал да парасатты елі-халқы сыйлайтын ер жігіттің келешегі жарқын, жолы ашық. Осы орайда ойға оларға берілетін тәрбиенің артықшылығы неде деген сұрақ оралды. Өйткені оларды бесік жырына құлағын қандырудан бастап, ауыз-әдебиеті мен ата-баба тарихына сусындатудан бірізділікпен ер балаларға негізделген тәрбиенің әдістемесінің жасалуы ер бала тәрбие маңыздылығын сезіндіріп қана қоймайды. Сондай-ақ, нәтиже де берері анық. Ал, керісінше, жалқаулықты серік етіп, жанын өтірікпен бағып, біреуді алдап, біреуді арбап, шыққан тегін білмейтін, отбасы түгілі өз басында асырай алмай жүрген ерлерімізден қандай ұрпақ жалғастығын күтуге болады? Қоғамды ма, әлде ата-ананы ма? “Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман”, “Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас”, “Бала тәрбиесі-бесіктен” - деп түйіндей отырып, ер бала тәрбиесінің отбасында және мектепте қыздармен қатар берілуіне ерекше мән беріп, арнайы тәрбие бағдарламалары жасалуға тиіс. Өйткені, ер баланың дұрыс тағылым-тәрбие алуы, дүниенің сырын танып білуі отбасындағы ата-аналардың ақыл-кеңесі мен үлгі өнеге көрсетумен байланысты. Қандай ата-ана болсын, баласының дұрыс адам болғанын, өзінен артық болғанын қалайды. Бұл- ниет қана. Тәрбие беру барысында қателіктерді болдырмау, жетістікті нәтиже алуда тәрбиенің түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы қажеттігін ата-ана ұғына бермеуі мүмкін. Ұлттық тәрбиенің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жанаша қарастырған

жөн. Отбасы жағдайында осындай тәрбиенің берілуіне педогогикалық тұрғыда көмек беру мектеп мұғалімдеріне де зор міндет жүктейді. Ата-бабамыз жасап, сомдап кеткен жігіттің моделін одан әрі, бүгінгі күннің талабына сай жетілдіріп өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың бойына дарыту, тағдырдың қандай тәлкегін көрсе де, қайсарлығы мен тектілігін жоғалтпаған дана халықтың ұрпағы екендігін ұғындыру, олардың бойына мақтаныш сезімін туғызу ата-ананың бірден бір міндеті. Тәрбиелеуші мейлі ол ата – ана болсын, мейлі ол сынып жетекшісі болсын балаға дұрыс тәрбие берумен қатар оны әр уақытта өзін - өзі тәрбиелей білуге үйрету қажет. Ол үшін балаларға ұлы адамдар өмірінен мысалдар келтіріп, дәлелдеп көрейін. Орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский өзін - өзі тәрбиелеу мақсатында қарастырып, күнделігіне жазып қойған мінез-құлық ережелері ерекше назар аударуға тұрарлық. Оған мынадай бөлімдер енгізілген:

1 Өте байсалдылық, тым болмаса сырттай байсалдылық.

2 Сөз бен қылықтағы туралы

3 Ойланып әрекет жасау.

4 Батылдық.

5 Қажетсіз жерде өзін жайлы бірден – бір сөз айтпау.

6 Уақытты саналы өткізу; кез келген іс емес, көңілің ауған істі жасау.

7 Құмарлықпен емес, қажетті немесе ұнамды нәрсеге шығымдану.

8 Әр күннің соңында сапалы түрде өз қылықтарың жайлы есеп беру.

9 Ешқашанда болып өткен, болып жатқан келешекте болатын нәрсені мақтан етпеу.

10 Осы журналды ешкімге көрсетпеу.

Міне осылардың өзінен-ақ Ушинскийдің өзін - өзі қалай тәрбиелегендігі айқын көрінеді. Адам өмірінің “алтын бесігі” – мектептің есігін ашқан бала жаңаша өмірде адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын үйренеді. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, ізеттілік, қонақжайлылық қасиеттері қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл – парасатына азық ете білу үшін, әрбір ата-ана, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт – дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан - жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы

шарт. Ол рухани – адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерін негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіге білетін, мінез – құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Бұл мақсатқа нағыз мұғалімдердің (тәрбиешілердің, ата-аналардың) қатысуымен ғана қол жеткізуге болады.

Тәрбие нәтижелі болу үшін мұғалім біріншіден өз мамандығына, екіншіден балаға сүйіспеншілікпен қарау керек. Осы екі нәрсені қатар ұстаған мұғалім ғана мейірбан адамның қалыптасуына көмек көрсетуге қабілетті. Өкінішке орай, біздің ата-аналарымыздан, (әсіресе ер азаматтар өз баласының туылған күнін енемесе қай сыныпта оқитынын білмей жатады) мұғалімдерімізден мұндай әрекет мүлдем көрінбейді. Мұғалім мен ата – ана бірігіп әрекет еткенде ғана бала дұрыс тәрбиеленеді. Қазіргі таңда ата-ана алында мектеп пен мұғалім беделі түсіп барады. Сондықтан да мұғалім ата-аналармен өз дәрежесінде жұмыс жүргізе білуі тиіс. Ата - анамен жұмыс жасау әдетте “Ата-аналар жиналысынан” басталады, міне ең алғашқы жиналыстан- ақ мұғалім ата-анамен жақсы қарым-қатынас орнатуы қажет. Алғашқы ата-аналар жиналысын дұрыс ұйымдастыра білуі тиіс.

Халқымыздың жеке тұлғаны қалыптастыруда үлкендердің, ата-анасының, елге белгілі кісілердің жақсы істерін үлгі ету, тәрбиеде «ұят», «намыс», «ар» ұғымдарын кең пайдалана отырып тәрбиелеудің мүмкіндіктерін белгілеуге болады: 1) қазақ отбасындағы тәрбие нысандары: ұлттық салт-дәстүр, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық мұралар, аналар мектебі, әжелер мектебі, жеңгелер мектебі, ұлттық рухани құндылықтар, ғылыми-теориялық тәрбие жүйесі, отбасылық тәрбие, ұлттық мәдениет, қыз бала мен ер бала психологиясы, қыз бала мен ер бала физиологиясы, қоғамдық орта; 2) қазақ отбасындағы балаға тәрбие беру әдістері: үйрету, сендіру, жаттықтыру, көтермелеу, мадақтау, мақұлдау, жазалау, тыйым салу, талап қою; 3) бала тәрбиесіне кері әсер ететін факторлар: жағымсыз мінез-құлық, жалқайлық, жауапсыздық, зиянды әдеттер (алкоголь, темекі, наркотик т.б.), әуесқойлық ойын-сауықтар, жағымсыз іс-әрекеттер, салауатсыздық, сауатсыздық, мәдениетсіздік, отбасылық, ұлттық намыстың төменділігі, жағымсыз орта

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбішқызы С., Сарманов Ж. Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние.-А.-2008 ж.
2. Бес ғасыр жырлайды. 3 томдық. “Жазушы” 1989 ж.
3. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері.-Алматы.-1995 ж.10.
4. А.Тұрысбаева. Оқушыларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. // Бастауыш мектеп. №1. 2006. 21-б.
5. Керімбаева М. Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі. -Астана.- 2008ж.
6. Жарықбаев К.Б., Калиев С. Национальные аспекты обучения и воспитания. - Алма-Ата, 1990.
7. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, «Білім» 2004. – 280 бет.
8. Қоянбаев Ж. Отбасы және балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеу.- А, 1990.

Ақманова Ғалия Рахметоллаевна

Лауазымы: Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Семей қ., Физкультурная көш., 1

Ұялы тел. 8 777 742 22 12

Жайргазина Нургуль Токановна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының магистрі, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекенжайы: 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинки көш., 31А-50

Ұялы тел. 8 702 852 41 40

Балаларды отбасында және мектепте қарым - қатынас мәдениетіне тәрбиелеу

Ақманова Ғалия Рахметоллаевна

Должность: Кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

Почтовый адрес: г. Семей, ул. Физкультурная, 1

Сот тел. 8 777 742 22 12

Жайргазина Нургуль Токановна

Должность: магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

Почтовый адрес: г. Семей, ул. Глинки 31А-50

Сот. тел. 8 702 852 41 40

Воспитание детей в культуре общения в семье и в школе

Akmaneva Galia Rahmetollaevna

Position: Candidate of Pedagogical science, senior lecturer, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

Postal address: Semey, Pizkulturaia street, 1

honeycomb tel: 8 777 742 22 12

Zhairgazina Nurgul Tokanovna

Position: master of pedagogical Sciences, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

Postal address: Semey, Glinki street, 31A-50

Honeycomb tel: 8 702 852 4140

Parenting in a culture of communication in the family and at school